

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН  
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»  
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ  
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ  
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған  
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының  
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

**13 қараша 2024 жыл**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

**Международной научно-практической конференции,  
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:  
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»  
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан  
13 ноября 2024 год**

**COLLECTION OF MATERIALS**

**International scientific and practical conference,  
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:  
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»  
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan  
November 13, 2024**

**ASTANA, 2024**



**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

**ISBN978-601-7697-82-2**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2024**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**  
**Ж 14**

**Рецензенттер:**

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

**Редакциялық алқа:**

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономка ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономка ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

**ISBN 978-601-7697-82-2**

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

**ISBN 978-601-7697-82-2**

**УДК 336.743 (574)**  
**ББК 65262.6 (5Қаз)**

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024  
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024  
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

совершенствовать механизмы внутреннего контроля в государственных учреждениях. Это способствует созданию более прозрачной и подотчетной системы государственного управления.

Таким образом, исторический и современный обзор системы государственного аудита Казахстана позволяет оценить достигнутые результаты и определить области, в которых эта система может быть усовершенствована, что в конечном итоге будет способствовать устойчивому экономическому развитию страны.

**Список использованных источников:**

1. История и развитие государственного аудита в Казахстане: История и развитие аудита и контроля как науки и практики в Казахстане. – М.: Наука, 2023. – 300 с.
2. Государственный аудит в Казахстане: основные этапы и достижения: Основные этапы и достижения государственного аудита в Казахстане // Финансы и статистика. – 2023. – №5. – С. 54-70.
3. Развитие системы государственного аудита в Казахстане: Развитие системы государственного аудита в Казахстане. – Алматы: Издательство «Финансы», 2023. – 280 с.

**ӘОЖ (336.1)**

**СЫРТҚЫ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТТІ ЖОСПАРЛАУДА ТӘУЕКЕЛДЕРДІ  
БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ**

**А.С. Нурмагамбетова**

э.ғ.к. «Мемлекеттік аудит» кафедрасының  
доцент **С.К. Тажикенова**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан  
Республикасы,

E-mail: [alsu.nurmagambetova@yandex.kz](mailto:alsu.nurmagambetova@yandex.kz)

**Аңдатпа:** Мақалада сыртқы мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыру үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің ролі қарастырылған. Аудиттің мақсатты, тиімді және заңды жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді анықтау, бағалау және азайту шараларының маңызы баяндалған. Белгілі мемлекеттік мекемелер мысалында анықталған түрлі тәуекел деңгейлері талданады. Тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаттары мен тәсілдері, сондай-ақ оның мемлекеттік аудит барысында қолданылуының артықшылықтары талданады. Мақала цифрлық технологиялардың енгізу мен халықаралық тәжірибенің алмасуы арқылы жүйенің жетілдірілуіне назар аударады.

**Кілт сөздер:** Сыртқы мемлекеттік аудит, тәуекелдерді басқару, тиімділік, қағидаттар, автоматтандыру, қаржылық бақылау.

**Аннотация:** В статье рассматривается роль системы управления рисками для повышения эффективности внешнего государственного аудита. Подчеркивается важность выявления, оценки и снижения рисков для обеспечения целенаправленного, эффективного и законного проведения аудита. Анализируются различные уровни рисков, выявленные на примере конкретных государственных учреждений. Обсуждаются принципы и методы управления рисками, а также преимущества их применения в процессе государственного аудита. Статья акцентирует внимание на совершенствовании системы через внедрение цифровых технологий и обмен международным опытом.

**Ключевые слова:** Внешний государственный аудит, управление рисками, эффективность, принципы, автоматизация, финансовый контроль.

**Abstract:** The article examines the role of the risk management system in enhancing the

effectiveness of external state audit. It emphasizes the importance of identifying, assessing, and mitigating risks to ensure the audit is purposeful, effective, and lawful. Various levels of risks identified in specific state institutions are analyzed. The principles and methods of risk management are discussed, along with the advantages of their application in the state audit process. The article focuses on the improvement of the system through the implementation of digital technologies and the exchange of international best practices.

**Keywords:** External state audit, risk management, efficiency, principles, automation, financial control.

Сыртқы мемлекеттік аудит мемлекеттік органдардың, мекемелердің және мемлекеттік қаражат пен активтерді қолданатын басқа да субъектілердің қызметіне бақылау жүргізу мен олардың тиімділігіне баға беру мақсатында жүзеге асырылады. Мемлекет ресурстарының мақсатты, тиімді және заңды пайдалануын қамтамасыз ету үшін маңызды құрал болып табылады. Алайда, аудиттік процестің тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін оны дұрыс жоспарлау қажет, ал тәуекелдерді басқару жүйесі осы мақсатқа жетудің негізгі жолдарының бірі болып табылады.

Тәуекелдерді басқару жүйесі – бұл әртүрлі факторлар мен ықтимал қатерлерді ескере отырып, аудиттің тиімділігін арттыру үшін қолданылатын жүйе. Сыртқы мемлекеттік аудит барысында тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тек қаржылық тәуекелдермен шектелмей, жалпы аудиттік процесті кешенді түрде жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл жүйе аудиторлардың өз қызметтерін жоспарлауда тәуекелдерге негізделген тәсілді қолдануына көмектеседі, аудиттің нәтижелілігі арта түседі [1]

Тәуекелдерді басқару жүйесі анықтылық, бірыңғайлық, жариялылық, толымдылық, уақтылылық, үздіксіздік қағидаттарына негізделеді.

Осы қағидаттар мемлекеттік аудиттің сапасын және нәтижелілігін арттыруда, тәуекелдерді уақтылы анықтап, басқаруда, сондай-ақ қоғаммен тиімді байланыс орнатуда маңызды. Бұл жүйе ұйымдардың қаржылық тұрақтылығын сақтауға, ресурстарды тиімді пайдалануға және мемлекеттік саясаттың тиімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Келесі суретте тәуекелдерді басқару жүйесінің тәсілдері берілген.

тәуекелдер мен олардың өлшемшарттары мемлекеттік аудит объектілерінің есепті деректерінің және мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы басқа да ақпарат көздерінің негізінде қалыптастырылады;

тәуекелдерді бағалау бағдарламалық құралдарды қолдану арқылы процесті автоматтандыру мүмкіндігімен сапалық, сандық әдістерге негізделеді;

өлшемшарттар тәуекелдердің туындауының ықтимал және нақты себептеріне қарай айқындалады;

аудитті сапалы жүзеге асыру мақсатында жұмыс көлемін ескере отырып аудиторлық іс-шараларды тиімді жоспарлау арқылы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының ресурстарын оңтайландыру;

сараланған ден қою шараларын әзірлеу, қабылдау мемлекеттік аудит объектісің тәуекелдер дәрежесіне, тәуекелдерді алдын алуға бағытталған;

тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану кезеңдерін автоматтандыру.

Сурет 1. Тәуекелдерді басқару жүйесінің тәсілдері  
Ескерту: [2] мәлімет негізінде авторлармен құрылған

1-суретте берілген тұстар тәуекелдерді басқару жүйесінің жалпы тиімділігін қамтамасыз етіп, мемлекеттік аудиттің сапасын, ашықтығын және тиімділігін арттыруға ықпал етеді.



Сурет 2. Тәуекелдерді басқару жүйесінің кезеңдері.  
Ескерту: [3] мәлімет негізінде авторлармен құрылған

2-ші суретте сыртқы мемлекеттік аудит органдарындағы қолданылатын тәуекелдерді бақылау жүйесінің кезеңдерін көріп отырмыз.

Жоғары аудиторлық органмен қарастырылған Қостанай облысының мемлекеттік мекемелерінің тәуекелдер жөніндегі жиынтық реестрі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. 2023 жылғы Қостанай облысының мемлекеттік мекемелерінің тәуекелдер жөніндегі жиынтық реестрі

№	Мемлекеттік аудит объектілері	Өлшем бірлігі	Жиынтық нәтиже	Тәуекел дәрежесі
11	«Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Бірлік	338,7	Төмен
22	«Қостанай облысы әкімдігінің энергетика	Бірлік	326 985	Жоғары



	және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі.			
33	«Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесі	Бірлік	805,9	Төмен
44	Дене шынықтыру және спорт басқармасы	Бірлік	12 750,7	Орташа
<b>Ескерту: [4] мәлімет негізінде авторлармен құрылған</b>				

1-кестеде берілген жиынтық нәтиженің ауытқуына қарай тәуекел дәрежесі анықталады. Бұл жолы жиынтық нәтижелердің шектері осындай: Жоғары тәуекел-15 600,9 бірлік, орташа тәуекел-13 000,8 бірлік, төмен тәуекел-10 400,6 бірлік. Осылайша «Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» (338,7 бірлік) және «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» (805,9 бірлік) төмен тәуекел деңгейіне ие. Дене шынықтыру және спорт басқармасы (12 750,7 бірлік) орташа тәуекел дәрежесіне жатады. Бұл көрсеткіштер жұмыс барысында белгілі бір мәселелер болуы мүмкіндігін көрсетеді. «Қостанай облысы әкімдігінің энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» (326 985 бірлік) жоғары тәуекел деңгейіне ие және бұл көрсеткіш барлық тәуекел дәрежелерінен әлдеқайда жоғары, сондықтан осы мекемеге назар аудару қажет.

Сыртқы мемлекеттік аудиттің негізгі міндеттері – мемлекеттің қаржылық жүйесінің дұрыс және тиімді жұмысын қамтамасыз ету, заң бұзушылықтарды анықтау, мемлекеттік қаражаттың жұмсалуды бақылау және сол арқылы қоғамдық сенімнің артуына ықпал ету. Дегенмен, аудиттік тексерістер барысында әртүрлі тәуекелдер туындайды, олар аудиттің нәтижелеріне тікелей әсер етуі мүмкін.

Аудиторлар тәуекелдерді дұрыс басқармаса, аудиттік тексерістердің нәтижесі дәл емес немесе толық емес болуы мүмкін, бұл өз кезегінде қате шешімдер қабылдауға алып келеді. Сондықтан тәуекелдерді басқару жүйесі аудиторларға барлық ықтимал тәуекелдерді алдын ала бағалауға және жоспарлау барысында оларды ескеруге мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару жүйесі бірнеше негізгі элементтерден тұрады, олардың әрқайсысы аудит процесін жоспарлауда маңызды рөл атқарады. Олар:

1. Тәуекелдерді анықтау
2. Тәуекелдерді бағалау
3. Тәуекелдерді азайту шаралары
4. Мониторинг және бақылау

Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану сыртқы мемлекеттік аудиттің тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Оның басты артықшылықтары мыналар:

Ресурстарды оңтайландыру: тәуекелдерді басқару жүйесі тәуекелдерге негізделген аудиторлық іс-шаралар кезінде ресурстарды тиімді пайдалануға және аудиттің жүргізілу уақытын қысқартуға мүмкіндік береді

Аудиттің нәтижелілігін арттыру: тәуекелдерді алдын ала анықтау және бағалау аудит нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырады. Бұл аудиттің сапасын жақсартып, шешім қабылдауды жеңілдетеді.

Тәуекелдерді басқару жүйесінің жетілдірілуі және болашақ бағыттары.

Сыртқы мемлекеттік аудиттің дамуы барысында тәуекелдерді басқару жүйесі де үнемі жетілдіріліп отыруы қажет. Аудиторлық тәжірибе мен әлемдік стандарттар негізінде тәуекелдерді басқарудың жаңа әдістері мен құралдары әзірленуде. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар мен цифрлық жүйелердің дамуы тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған құралдарын қолдануға мүмкіндік береді, бұл аудиттің тиімділігін одан

әрі арттыра түседі.

Цифрлық технологияларды енгізу тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Жаңа технологиялар тәуекелдерді алдын ала анықтауды жеңілдетеді, тәуекелдер туралы ақпаратты өңдеу мен талдаудың дәлдігін арттырады және мониторинг процесін автоматтандырады.

Халықаралық тәжірибенің алмасуы да тәуекелдерді басқару жүйесінің дамуына ықпал етеді. Қазақстандық аудиторлық органдар шет елдерде қолданылатын тиімді әдістер мен тәсілдерді енгізу арқылы өз қызметтерін жетілдіре алады.

*Қорытындылай* келе сыртқы мемлекеттік аудитті жоспарлауда тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану мемлекеттік қаржылық бақылау саласындағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады. Бұл жүйе аудиттің нәтижелілігін арттырып қана қоймай, оның тиімділігін қамтамасыз етеді және мемлекеттік ресурстарды дұрыс әрі тиімді пайдалануға ықпал етеді. Тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу арқылы мемлекеттік аудит органдары қоғамдық сенімді арттырып, мемлекеттік қаражаттың жұмсалуды қатаң бақылауда ұстай алады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары қолданатын тәуекелдерді басқару жүйесіне бірыңғай қағидаттар мен тәсілдерді бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 590 және Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 10-НҚ нормативтік қаулысы мен бұйрығы (электрондық ресурс) - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012502>

2. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және сыртқы мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің 2015 жылғы 28 қарашадағы № 13-НҚ нормативтік қаулысы (электрондық ресурс) - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012476>

3. Тиісті жылға арналған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын тәуекелдерді басқарудың үлгілік жүйесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 597 бұйрығы (электрондық ресурс) - <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500012490>

4. ҚР Жоғары аудиторлық палатаның ресми сайты (электрондық ресурс) - <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/activities/directions?lang=kk>

**ӘОЖ (2964)**

### **ТАҚЫРЫП: МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДАҒЫ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ**

*Өмірзақ М. Е.*

**Абдикадирова А. А.** аға оқушысы, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті., Астана қ., Қазақстан Республикасы, Хиуаз Доспанова 2/1

E-mail: [minuraumirzak2006@gmail.com](mailto:minuraumirzak2006@gmail.com)

**Андама:** Бұл жұмыста мемлекеттік ресурстарды басқару процесінің тиімділігі мен ашықтығын айтарлықтай арттыратын мемлекеттік қаржылық бақылау саласында жасанды интеллектті (ЖИ) пайдалану қарастырылады. ЖИ енгізу негізгі міндеттерді автоматтандырады, қателіктер тәуекелін төмендетеді және деректерді өңдеуді жеделдетеді, бұл бұзушылықтарды жедел анықтауға және алаяқтықты болдырмауға мүмкіндік береді. ЖИ қаржылық бақылауда табысты пайдалану мысалдары Сингапур, Эстония және АҚШ мысалында келтіріледі, онда